

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

DOI 10.31489/2021Ph4/7-14

ӨОЖ 811.512.122

Қ.Қ. Рысберген^{1*}, И. Шаһин²¹А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан²Ege университеті, Измир, Түркия

(e-mail: ms.rysbergen@mail.ru; idrahim.sahin@ege.edu.tr)

Шеттілдік географиялық атауларды қазақ тілінің латын графикасы негізінде жазу тілді реформалаудың маңызды міндеті

Мақала қазақ тілін жаңа латын графикалы әліпбиге көшіруге байланысты шеттілдік географиялық атауларды транслитерациялау мәселелеріне арналған. Жұмыстың басты мақсаты мемлекет, әлем қалалары, өзге де физика-географиялық нысан атауларын қазақ тілінде жазудың қағидаттарын, оңтайлы жолдарын айқындауға қатысты. Жұмыстың ғылыми-практикалық маңызы өзге тілдегі атауларды қазақ тілінің фонетикалық, орфографиялық нормаларына сай, өзге тіл мен өз тіліміздің табиғатын ескеру арқылы осы бағыттағы болашақ зерттеулерге, картографиялық өнімдер мен оқулықтар, сөздіктер мен анықтамалықтарды әзірлеуге, жалпы ауқымды ғаламдық ақпараттық кеңістікте экзонимдерді қазақ тілінде дұрыс қолдануға жол ашады. Туыс және туыс емес тілдердегі топонимдер құрамындағы маңызды деген орфограммаларына талдау жүргізілді. Осы талдау нәтижесінде шеттілдік жер-су атауларын транслитерациялауға қатысты тұжырымдар, ұсыныстар, пайымдаулар айтылды. Жүргізілген зерттеулер болашақ «Шеттілдік географиялық атауларды қазақ тілінің латын графикасында жазу ережелерін» құрастырудың негізгі қағидаттары мен тармақтарын анықтап алуға септігін тигізеді. Мақаладағы ғылыми-теориялық, практикалық ұсыныстар мен тұжырымдар ономастикалық атауларды латын графикасында жазу, қазақ тілінің нормативтік, ономаграфиялық базасын жетілдіруге және Қазақстандағы ономастикалық жұмыстарды реттеу үшін қажет.

Кілт сөздер: қазақ тілінің жаңа әліпбиі, латын графикасы, транслитерация, топоним, экзоним, шеттілдік географиялық атаулар.

Kipicne

Ұлттық әліпбиі — ұлттың лингвогенетикалық коды, қазіргі қоғамдағы рухани жаңғырудың басты компоненттерінің бірі, сондай-ақ ауқымды да күрделі әлемдегі өзінің этникалық бірегей болмысын анықтаудың, сақтап қалудың, тарих пен өркениет ағымынан қалмаудың бірден-бір жолы.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты 2017 жылдың 12 сәуірінде жарық көрген бағдарламалық мақаласында көрсетілген міндеттерге сай жазуымызды жаңғырту ісі қолға алынып, қазақ тілін латын графикасына көшіру туралы мемлекеттік жоспар, бағдарламалар қабылданып, нақты шаралар бекітілді.

Қазақстан Үкіметі қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі жаңа жазуға көшудің мерзімін нақтылап, 2023 жылдан бастап, толық көшуді кезең-кезеңмен 2031 жылы аяқтауды белгілеп отыр.

Латын графикасын енгізуге байланысты ұлттық ономастиканың бір ауқымды саласы — шеттілдік географиялық атаулар, оларды өз әліпбиімізде, өз ережемізге сай жазу маңызды болып тұр. Бұлай дейтініміз, жүз мыңдаған **экзонимдер**, шеттілдік мемлекет, астана, теңіз, мұхит, өзен, тау, жота, арал т.б. атаулары мектеп, жоо оқулықтарынан бастап, картографиялық өнімдерде, анықтағыш, сөздіктерде, ресми құжаттарда, жалпы ауқымды ақпараттық кеңістікте айналымға түседі.

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: ms.rysbergen@mail.ru

Жаңа әліпбиге көшу жай әріп ауыстыру емес екендігі үнемі айтылып келеді. Осы ретте 2019 жылдың 20 желтоқсанында өткен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2-отырысында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кириллицаны латынға жай ғана ауыстыру төңірегінде сөз болып отырмағандығын айтты: «Қазақ тіліне реформа, тіпті қажет десеңіздер тілімізді жаңғырту қажет. Ғалымдарымыздың салмақты пікірлерін күтеміз. Тағы да қайталап айтамын, біз нақты қазақ тілін реформалаймыз. Мұндай ұлтымыз үшін тағдыр шешті мәселеде науқаншылдыққа және жеңілтектікке жол беруге болмайды».

Расында, ономастикалық атауларды айтар болсақ, әлі күнге бұрмаланып келе жатқан аты-жөндеріміз бен еліміздегі мыңдаған жер-су атауларын латын әріптеріне ауыстырып қана қоймай, тіліміздің фонетикалық, орфографиялық нормаларына сай жазуға, біріздендіруге қол жеткіземіз. Бұл ұлттық ономастика саласын реформалаудың нәтижесі болмақ, өйткені қазақ есімдері мен топонимдері тек қазақ тілінде жазылса қателіктерге жол берілмейді, ал аты-жөнімізді орыс тілінде жазсақ, қайта транслитерациялауға тура келеді.

Шет мемлекеттердің ономастикалық атаулары тек географиялық атаулармен шектелмесе керек. Бұл топқа кісі есімдері, әлем мәдениеті мен саясатының танымал тұлғалары мен қатар тарихи тұлғалардың, ақын-жазушы, философтардың, ғалымдардың т.б. есім-тектері жатады. Олардың барлығы дерлік қазіргі кезде қазақ тіліне дәнекер тіл орыс тілі арқылы еніп, жазуы қалыптасқандығы баршаға мәлім. Әр халық, әр тіл халықаралық атауларды өз тілінің заңдылығына игеріп, «сындырып», «көндіріп» жазғандығын да байқауға болады.

Зерттеуімізде осы жайтқа баса назар аударып, шеттілдік топонимдерді өзге елдер қалай транслитерациялаған, тілдеріне қалай икемдеген, басты ұстанымы қандай, қай принцип басым дегенге сауалға жауап іздеу. Осы ретте Түркияның тәжірибесі бізге құнды болып отыр. Олар Ресей, Қазақстан, Қытай т.б. жерлердегі географиялық атауларды тікелей түпнұсқадағыдай жаза ма, жоқ аударып, игеріп транслитерацияласа, қай жолына басымдық берілген?

Си Цзинь Пинь мен Гарри Поттерді алайық, Қытайдағы қандастарымыз Ши Жиң Пиң деп жазады екен, ал балалар әдебиетінің аудармашылары Гарри есімін Хэрри (Härrı) деп қазақтың дыбыстау табиғатына жақындатып транслитерациялапты. Сондықтан, біздің пайымдауымызша, кез келген шеттілдік ономастикалық атаулар өзге тілді бола тұра, қазақ тілінде жазылғандықтан қазақ ономастикасы аясына ілігеді, қазақ тілінің фонетикалық, орфографиялық нормаларына икемделуі керек, тіліміздің ортологиялық, ономографиялық заңдылықтары аясында қарастырылуы тиіс.

Кез келген ереже, нұсқаулықты әзірлегенде, оның тілдік деректер қоры, ортологиялық базасы болуы міндетті. Осыған орай, 2019 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты 540 беттік «Шеттілдік географиялық атаулардың қазақ тілінің жаңа әліпбиінде жазу» атты анықтамалық әзірледі. Аталмыш анықтамалықты әзірлеу барысында көптеген ғылыми-практикалық мәселелер айқындалғанымен, қиындық тудыратын проблемалық нүктелерін де, ережеге қажет бірқатар өзекті міндеттерді де байқадық. Мақалада осы міндеттердің кейбіреуіне тоқталамыз. Әлбетте, шет мемлекет топонимдерін барлығын аударып, тілімізге қайткенде де икемдеу керек деген мақсат жоқ, ол мүмкін емес және қажеті де жоқ.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізіне осы саланың танымал отандық, шетелдік және ресейлік ғалымдарының ғылыми-теориялық идеялары тірек болды. Мәселен, Р. Сыздық, Н. Уәли, З. Базарбаева, А.С. Суперанская, Реформатский, Л.Р. Зиндер, Martha C. Pennington т.б. Экзонимдер құрамындағы қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай келетін, қайшы келмейтін орфограммалар бөлініп алынып, топтастырылды. Бұл тәсіл арқылы бірқатар экзонимдердің адаптациялық, икемделу әлеуетінің біршама жоғары екендігі айқындалды. Түркітілдес мемлекеттердің картографиялық өнімдерін, топонимдік сөздіктерін, деректерін салыстыра отырып зерттеу, талдау әдістері шеттілдік топонимдерді қазақ тілінде жаңа латын әліпбиі негізінде жазу қағидаттарын айқындауға, әсіресе, аударма, калькалау, транслитерациялау әдістерінің қайсысы тиімді деген сұраққа жауап береді.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Қазақ тілінің латын графикасына көшу қажеттілігі жөнінде еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап академик Ә. Қайдардың көтерген бастамасымен, Елбасының қолдауымен қолға алынды. Жұмысымызда әліпбидің ұзақ-сонар тарихын баяндамай, өз зерттеу мәселеміздің төңірегінде сөз қозғаймыз.

Қазіргі кирилл негізді әліпби 42 әріпке негізделген, ал 2021 жылдың 22 сәуірінде жұртшылыққа талқылау үшін ұсынылған латын графикалы жаңа әліпбидің жетілдірілген нұсқасы 31 әріптен тұрады. Бұл әліпби қазақ тілінің 28 дыбысын түгел қамтыған латын әліпбиінің базалық жүйесіндегі 31 таңбасына негізделіп отыр.

Қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне жат, басы артық әріптер алынып тасталды: *ч, ц, я, щ, ъ, ъ, э, ю, я*. Қазақ тілінің төл дыбыстары халықаралық кең қолданыстағы, көптеген тілдер тәжірибесінде бар диакритикалық белгілерге ие болды: *ә (ä), ө (ö), ү (ü), ұ (ū) и ғ (ğ), ш (š)*, олар: умляут (¨), макрон (¯), седиль (˘), бревис (˙). Яғни бұл жаңа әліпбидің жетілдірілген соңғы нұсқасы тіліміздің фонетикалық ерекшеліктері мен табиғи үнін толық жеткізе алады. Алайда әлі күнге әліпби айтысы жалғасып келеді, *и* мен *у* фонемалары төңірегіндегі пікірталас та толастар емес. Дегенмен, мамандар таяу арада бір тоқтамға келіп, жұмысты бастау керек. Өйткені бірден мінсіз әліпби жасау мүмкін емес. Бұл жөнінде белгілі орыс лингвисті А.А. Реформатский былай дейді: «Идеальный фонографический алфавит должен состоять из стольких букв, сколько фонем имеется в данном языке. Но так как письменность складывалась исторически и многое в письме отражало изжитые традиции, то идеальных алфавитов нет, а есть более или менее рациональные» [1: 195].

Еліміздегі танымал тілші ғалым, профессор Нұргелді Уәли қазақ тілінің, Қазақстанның латын графикалы әліпбиге неге көшу керек деген сауалға жауап беретін, көшудің қажет екендігін негіздейтін басты 8 факторын атайды:

- *мәдени-әлеуметтік* (жазу тәжірибесінде кеткен кемшіліктерді жаңа әліпби арқылы қалпына келтіріп, ұлттық тілдің бет-бедерін сақтап қалу);
- *лингвистикалық* (басы артық әріптермен жасанды түрде күрделендірілген, екі тілдің орфографиясына қызмет ететін әліпбиге түбегейлі реформа жасау арқылы тіліміздің дыбыстық жүйесін нақты белгілейтін жаңа жазу-сызу жүйесін ұсыну);
- *экономикалық* (әлемдік ақпараттар жүйесінде қазақ тілінің үлесін арттыру үшін және алдыңғы қатарлы елдермен бәсекелесе алу үшін латын графикасына көшу арқылы көштен қалмау);
- *саяси* (70 жылдан астам үстемдік құрған тоталитарлық жүйенің құрсауынан жазу жүйесін құтқару, бодан болған елдің тоқырап қалған ұлттық санасын ояту);
- *психологиялық* («кирилл жазуында шет сөздер өзгертілмеу керек» деген стереотиптен арылу);
- *тарихи* (түркітілді елдермен бауырластық қатынастарды жаңғырту мақсатында ортақ таңбалар жүйесін қолдану);
- *педагогикалық* (мектеп табалдырығын жаңа аттаған бүлдіршіннің 42 әріптен тұратын әліпби жүйесін меңгеруге ауырлығын ескеру);
- *ақпараттық* (компьютерлік технологиялар талаптарынан шығатын, әлемдік деңгейде әмбебаптандырылған әліпбиге көшу) [2: 173–174].

Латын әліпбиін енгізуге қарсы пікір білдірген біршама қауымның да өз уәжі болғанымен, жаңа әліпбиге көшу қажеттілігінің позитивті жағының басым екенін байқаймыз.

Ономастика саласындағы реформаның еліміз тәуелсіздікке ие болған алғашқы жылдардан бастау алатындығын ескерсек, ол тегімізді ұлттық дәстүрге сай жазу, -ов,-ев сынды орыс тілінің қосымшаларынан арылу, бұрмаланған мыңдаған жер-су атауларымызды дұрыс жазып қана қоймай, ұмыт болып бара жатқан тарихи атауларын қалпына келтіру, халықтың тарихи жадын жаңғырту сынды қыруар іс-шаралар атқарылды.

Бұл зерттеу тақырыбымыздың аясында тек шеттілдік жер-су атауларын қалай жазамыз деген мәселе төңірегінде ой қозғап ортаға салуды мақсат еттік. Ономастикада шеттілдік атауларға қатысты экзоним термині қолданылады: «**Экзоним** — традиционная для данного языка форма топонима, относящегося к объекту вне территории этого языка, несовпадающая по фонемному составу, произношению и написанию с современной формой в языке-источнике. Пр.: *Баку (Бакы), Рим (Ром), Париж (Paris), Неаполь (Napoli), Вена (Wien)*» [3: 164].

Ономастика саласындағы тілдік реформа, пайымдауымызша, екі кезеңнен тұруы тиіс. Бірінші кезеңде өзгеріс тек жеке фонема, орфограммалар, кейбір сөзжасамдық проблемалары, кейбір мемлекет атауларын ішінара қазақ тіліне икемдеп жазу, аудару сынды ғылыми мәселелерді қамтиды. Екінші кезеңнің міндеті күрделірек, оны алдағы уақытта әлі зерделеп, айқындау қажет, өйткені келешекте ономастикалық материалдың қалың массиві қамтылады. Зерттеу мәселелерін топтастырып, қарастырамыз.

1. Қазақ тілінде дәстүрлі жазуы қалыптасқан экзонимдер. Бұл топтағы бұрыннан қазақ тілінде жазылып жүрген атаулардың саны едәуір, атап айтсақ: Ресей, Мәскеу, Петербор, Жапония,

Мажарстан, Әзербайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қытай, Бейжің, Бішкек, Пәкістан, Тһһран, Үрімші/Үрімжі, Шолпан Ата, Шыршық, Ыстықкөл, Үндістан және т.б. Ресей аумағындағы қазақ қалың отыратын аймақтардың атаулары қазақ тілінде қолданылады, мәселен, Оренбург-Омбы, Тамбов-Томбы, Тюмень-Төмен, Орск-Ор, Казань-Қазан, Урал-Орал және т.б. Бұл тізім алдағы уақытта әлі толықтырылатын болады.

2. Экзонимдердегі -ия, -стан қосымшалары. Қазір әлемде 200 мемлекет және олардың сонша астаналары бар. Көптеген мемлекет атаулары, жалпы өзге де халықаралық ономастикалық атаулардың барлығы дерлік қазақ тіліне орыс тілі арқылы еніп, қалыптасқаны белгілі. Мәселен, **-ия** қосымшасымен келетін: Болгария, Швеция, Германия, Индия, Жапония, Түркия, Испания, Дания т.б. сынды елдердің атауларындағы **-ия** қосымшасы байырғы латын тіліндегі ежелгі Рим дипломатиясынан қалған мұра, сол кездегі еуропалық дипломатиялық қатынас үлгісі ретінде дәстүрге айналып, штамп болып қалыптасқан екен. Сонда көптеген мемлекет атаулары қазақ тілінде осы қалыптасқан күйде қала бермек пе? Туыс тілдер тәжірибесіне назар салсақ, кейбір мемлекет атауларындағы **-ия** қосымшасының орнына **-стан** топокомпонентін жалғайды екен. Мәселен, Армения армян тілінде Аястан деп жазылса, түрік, әзербайжан тілдерінде Ерменистан деп қолдану қалыптасқан екен. Сондай ақ Арабия, Болгария, Грузия, Якутия, Хорватия, Монғолия, Грекия сынды мемлекет атаулары **-стан** қосымшасымен жазылады: *Arabistan, Bulgaristan, Gürcistan, Yakutistan, Hrvatistan, Moğolistan, Yunanistan* [4]. Расында, **-стан** қосымшасы тілімізге, түркі тілдеріне ортақ парсы тілінен енген көне компонент, яғни тарихи-тілдік сабақтастық бар және сақталған. Сондықтан осы жайтты сарапшылар талқысына салу қажет және бұл қосымшаның тілімізге еш жаттығы жоқ, қиындықсыз сіңуі мүмкін.

3. Славян текті топонимдер. Қазақстаннан тыс жерлердегі славян текті географиялық атаулар қазақ тілінің орфографиялық ережелерінің ұстанымдары мен нормаларын басшылыққа ала отырып, латын графикалы қазақ әліпбиі негізінде жазылады. Ресей жеріндегі географиялық атаулар Қазақстандағы орыс тілді географиялық атаулардың жазу орфографиясына бағынады, мысалы, біздің елдегі орыс тіліндегі топонимдер қазақ тілінің латын графикасындағы әліпби бойынша транслитерацияланады: Antonovka, Eliseikino, Juravlövo, Karasövoe, İzmailovskoe, Chistoe, Şedruha, Bölşoe, Penkovo, Funtikovo, İlmen, İudino, Klüchi, İagodnoe.

Бірінші сыңары анықтауышпен келетін күрделі географиялық атаулардың анықтауышы аударылып беріледі, мысалы, Верхний Енисей — Жоғарғы Енисей/Joғarǵy Enisei, бірақ Нижний Новгород/Nijni Novgorod қаласының атындағы анықтауыш аударылмайды. Осы және осы сынды өзге мәселелер ережеде арнайы қарастырылады. Алыс және жақын шетелдегі күрделі географиялық атауларын аударғанда да осы принцип басшылыққа алынатын болады.

Келешекте бұл тізім толығын болады, яғни қазақ тілінің айтылу, жазылу нормаларына икемделіп тұрған атаулар бар, соларды анықтау міндеті тұр.

4. Туыс тілдердегі топонимдердің транслитерациясы. Бір қарағанда туыс тілдердегі атауларды қазақ тілінде жазу қиындық тудырмайтындай көрінеді, ал шындығына келсек, ең қиыны да осы болып тұр. Өйткені олар қазақ тілі үшін өзге тілдік бола тұра, қазақ тілінде бұрыннан сіңісті болып, қазақша жазылуы қалыптасып кеткен бірқатар атаулар бар, мәселен, Шолпан Ата, Шыршық, Нөкіс, Үргеніш т.б., яғни бұл атаулар тіліміздің дыбыстық заңдылығына сай игерілген атаулар. Ал орыс жазуында әбден танымал болған Ташкент, Баку, Кушкургон, Янгикургон сынды атауларды Тәшкен, Бакы, Қосқорған, Жаңақорған деп сындырып жазса қалай болар еді деген мәселені ортаға саламыз.

Сондай-ақ Түркиядағы Çanakkale (Шанаққала), Eskişehir (Ескішаһар), Ölüdeniz (Өлітеңіз), Akyurt (Ақжұрт), Uzunköprü (Ұзынкөпір), Yurtbaşı (Жұртбасы) т.б. көптеген топонимдерді атауға болады. Бұларды қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктеріне сай игеріп жазу ғылыми тұрғыдан қаншалықты тиімді, өз танымалдылығынан (идентичность) арылып қалмай ма деген сауал туындайды. Егер қазақ тілінің адаптациялық механизміне сай, игеріп жазсақ, бұл атаулардың семантикасындағы геолокалды (қай жерде орналасқан) ақпарат жоғалуы, денотаттан қол үзуі мүмкін, яғни ұлттық танымалдылығына нұқсан келеді. Өйткені Янгикургонды Жаңақорған деп жазар болсақ, мекенжайлық ақпарат бұзылуы мүмкін. Сол сияқты Черногория түрік тілінде Karadag деп аударылып жазылады екен, қазақ тілінде Қаратау мемлекеті деп жазса, бастапқы кезде ондағы ұлттық, географиялық-мекенжайлық ақпарат жойылып кету қаупі бар, сөйтіп Қазақстандағы Жамбыл облысындағы Қаратау қаласымен шатастырылуы әбден мүмкін. Алайда келешекте түркітекес

топонимдерді қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сай игеріп жазу міндеті күн тәртібінен түспейді. Өйткені туыс тілдердің атаулары қабылдаушы тілге оңай еніп, сіңісе береді екен.

Шет тілдерден енген ономастикалық атаулар жөнінде А.А. Реформатский өзінің мынадай түйінді ой айтқан: «Өзге тілдің ерекшелігін, ал туған тілдің нормасын сақтау керек» [5: 36].

5. Дж орфограммасының жазылуы. Кеңес дәуірі кезеңінде **ж** әрпінен басталатын, тіпті қазақ тіліндегі есім-атаулар да, көптеген атаулар **дж** қосарланған дифтонг әрпі арқылы жазылатын. **Дж** тіркесі — қазақ тілінің фонетикалық жүйесіне мүлдем жат құбылыс. Сондықтан **дж** дифтонгымен кездесетін экзонимдер жалаң **ж** әрпімен таңбаланды. Мәселен, бірінші кестеде Джабалпур — Жабалпур, Джадо — Жадо, Джайпур — Жайпур, т.б., өйткені ағылшын тілінде де **Ж (ж)** әрпімен таңбаланғандығы көрсетілген.

1 - кесте

Дж дифтонгі бар экзонимдердің транслитерациясы

Кирил графикасында	Қазақ тілінің латын графикасында	Түпнұсқада жазылуы
Джаспер	Jasper	(ағылш. Jasper) — АҚШ-тағы қала атауы
Джафна	Jafna	(ағылш. Jaffna) – қала
Джаяпура	Jajarúpa	(индон. Jayapura) – Индонезиядағы қала атауы
Джеймстаун	Jeimstaún	Джеймстаун (ағылш. Jamestown)
Джидда	Jidda	
Лос-Анджелес	Los-Anjeles	Los-Angeles

Алайда қос **д** әрпі бар **джд** орфограммасы кездескен жағдайда бір **д** әрпімен **дж** әріп тіркесі жазылады: *Адждабия, Додж-Сити*, ал кейде мағынасына қарай **дж** сақталып жазылады, *Абиджан/Abidjan* (фр. *Abidjan*), *Байтбридж*, қ. (Зимбабве *Байтбридж* (ағылш. *Beitbridge*)).

6. Н және Г әріптіркесі бар атаулардың транслитерациясы. Орыс тілінде **г** әрпімен жазылған экзонимдер түгелдей дерлік түпнұсқа жазуы, ағылшын және қай тілден енсе, сол тілдегі жазуы WIKIPEDIA деректеріне сүйеніп, анықталды. Орыс тілінде негізінен **г**-дан басталатын атаулардың басым бөлігі латын графикасындағы **h** әрпімен жазылатындығы екінші кестеде көрсетілді (<https://ru.wikipedia.org/wiki> бойынша).

2 - кесте

Н G (h және g) әріптерімен келетін атаулардың жазылуы

Кирил графикасында	Қазақ тілінің латын графикасында	Түпнұсқада жазылуы
Гаити (мемлекет)	Haiti	фр. <i>République d'Haïti</i> , оқылуы: [a.iti]
Гондурас (мемлекет)	Hondýras	исп. <i>República de Honduras</i>
Гаага (елді мекен)	Haaga	нидерл. <i>Den Haag</i>
Гавана (елді мекен)	Havana	исп. <i>La Habana</i> , оқылуы: [aβana] — <i>Авана</i>
Гавр (елді мекен)	Havr	фр. <i>Le Havre</i> , оқылуы: [a: vρ]
Галифакс (елді мекен)	Halifaks	ағылш. <i>Halifax</i>
Гамбург (елді мекен)	Hambýrg	нем. <i>Hamburg</i> ['hambʊɔk]

7. NG (ng) әріптіркесі бар атаулардың транслитерациясы. **НГ** әріптіркесі экзонимдердің басында, ортасында, аяғында кездеседі екен. Бұл әріптіркесі WIKIPEDIA (<https://ru.wikipedia.org/wiki>) деректері бойынша кейбір атауларда ағылшын тілінде **ng** жазылғанымен, үшінші кестеде көрсетілгендей қазақ тіліндегідей **ңг** болып айтылады екен.

3 - кесте

NG (ng) әріптіркестерінің ñg (ng) әрпімен таңбалануы, айтылуы

1	2	3
Биллингс	Billiñgs	англ. <i>Billings</i> амер. 'bɪlɪŋ

Бирмингем	Birmiņgem	Birmingham
-----------	-----------	------------

3-кестенің жалғасы

1	2	3
Бангалор	Baņgalor	англ. ['bæŋgəlo:r]
Бангладеш	Baņgladeş	брум. ,baŋglə'deʃ]
Вашингтон	Vashiņton	Washington, D.C., МФА: ['wɑʃɪŋtən]
Веллингтон	Velliņton	англ. Wellington 'welɪŋtən
Вуллонгонг	Výllogņong	англ. Wollongong ['wʊləŋgɒŋ]
Гангток	Gaņgtok	англ. Gangtok
Гронинген	Groniņgen	нидерл. Groningen, МФА: ['ɣro:niŋə(n)]
Кингстон	Kiņston	ағылш. Kingston ['kiŋstən];
Тонга	Tōņgä	Tonga 'tɒŋə]
Нерюнгри		якут. Нүөрүҥгүрү
Сингапур	Siņgapur	англ. Republic of Singapore /siŋə.pə:r/

Бірақ жазылуы мен айтылуында **нг** әріптіркесі сақталатын екі түбірдің бірігуінен жасалған атауларды ажырату керек: *Ранги́роа атоллы*; фр. *Rangíroa*, *Альмолонга*, исп. *Almolonga*; *Ангермюнде*, нем. *Angermünde*.

Қорытынды

Қазақ тілінің латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшу, қазақ тілін реформалау үдерісі бірнеше кезеңнен тұратындығына көз жеткізе түстік. Мақаламызда Қазақстаннан тыс шет елдердегі географиялық атауларды жаңа әліпбиде транслитерациялау, реформалау үдерісінің бірінші кезеңіндегі басты міндеттер мен түйткілді мәселелерді айқындауға тырыстық. Біздің ойымызша, шеттілдік географиялық атауларды қазақ тілінің жаңа әліпбиінде жаппай транслитерацияланғанымен, оның ішінде толық аудару, калькалау, жартылай калькалау т.б. жолдардан өзге тіліміздің табиғатына, фонетикалық заңдылығына сай игеріп, сындырып жазу мәселелері ауқымды да күрделі ғылыми-теориялық ізденісті қажет етеді. Сондықтан бұл жайт алдағы уақытта әзірленетін арнайы ереже қағидаттары мен емлелік баптарында ескерілуі тиіс.

Пайымдауымызша, экзонимдік атаулардың құрамында бірнеше немесе көптеген фонемаларды бірден өзгертпей, танымалдылығын сақтау үшін бірлі-жарым ғана дыбысты, әріпті, әріптіркесін өзгерткен жөн. Өйткені практикалық транскрипция мен транслитерацияның орфографиядан айырмашылығы екі тілдің арасындағы «уақытша көпір» іспеттес. Жоғарыда айтылған проблемалардан тыс шеттілдік атауларды жаңа қазақ әліпбиінде транслитерациялаудың басты қағидаттары, топонимдердегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың, жеке даулы орфограммалардың қолданылуы, экзонимдердің негізгі үлгі-типтері, олардың жазылуының орфографиялық емле-ережелері келешекте арнайы ереже жасағанда жан-жақты сөз болады. Сондықтан, қабылдаушы тілдің орфографиясының қолдану шегі мен кірме тілдің ерекшелігін қай дәрежеге дейін ескеру керек дегенді анықтап алу қажет. Бұл пікірдің ғылыми-әдістемелік, емлелік тұрғыдан негізі бар деп есептейміз.

Мақала ҚР Білім және ғылым министрлігінің қаржылық қолдауымен жүзеге асып отырған «Мемлекеттік тілді латын графикалы ұлттық әліпбиге көшіруді қамтамасыз ететін жаңартылған нормативтік сөздіктер мен академиялық басылымдар сериясын әзірлеу» атты (конкурстан тыс) іргелі ғылыми зерттеу бағдарламасы аясында орындалған.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Реформатский А.А. Введение в языковедение / А.А. Реформатский; под ред. В.А. Виноградова. — М.: Аспект-Пресс, 1996. — 536 с.
- 2 Уәлиұлы Н. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жайында / Н. Уәлиұлы, Қ. Күдерінова, А. Фазылжанова // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. — Алматы: Арыс, 2007. — 410 б.
- 3 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии / Н.В. Подольская. — М.: Наука, 1978. — С. 164.

- 4 Түрік тіліндегі интернет-сайттар [Электрондық ресурстар]. — Қол жеткізу режимі: <https://www.dunyaatlas.com/haritalar/>; <https://alonot.com/dunya-sular-cografyasi-haritalari>.
- 5 <https://www.ilmvemedeniyyet.com/dunya-haritasi-ulkeler.html>.
- 6 Реформатский А.А. Орфография собственных имен / А.А. Реформатский. — М.: Наука, 1965.

К.К. Рысберген, И. Шахин

Передача иноязычных географических названий на казахском языке на основе латинской графики — одна из важных задач языковой реформы

Статья посвящена проблеме передачи иноязычных географических названий на казахском языке в связи с его переходом на латинскую графику. Основной целью статьи являются обозначение основных принципов передачи экзонимов, поиск оптимальных путей решений в адекватной передаче названий государств, столиц мира, городов, зарубежных физико-географических названий. Научная и практическая значимость работы заключена в учете фонетических и орфографических норм казахского языка, в унификации написания иноязычных топонимов для последующих исследований в данном направлении, составлении картографической продукции, издании топонимических словарей, справочников, учебников, и, вообще, в использовании экзонимов в глобальном информационно-коммуникативном пространстве. Исследование проведено на основе анализа ключевых орфограмм близкородственных и неродственных языков. В результате анализа выработаны рекомендации по транслитерации топонимов, предложены гипотезы и выводы. Проведенное исследование содействует разработке основных положений и принципов составления «Правил передачи иноязычных географических названий на казахский язык на основе латинской графики». Предложенные в статье гипотезы, умозаключения способствуют выработке оптимальных путей решений задач, связанных с транслитерацией, переводом иноязычных топонимов, упорядочению ономастической деятельности в Республике Казахстан, расширяют теоретическую и нормативную базу казахской ономастики.

Ключевые слова: новый алфавит казахского языка, латинская графика, транслитерация, топоним, экзоним, иноязычные географические названия.

К.К. Rysbergen, İ. Şahin

Transferring geographical names from foreign language into Kazakh language based on Latin script is an important task of the language reform

The paper is dedicated to the problem of transferring foreign geographic names into the Kazakh language in accordance with the new Latin-script alphabet. The main purpose of the research work is to identify the basic principles of the transfer of exonyms, the search for the best possible solutions in transferring the names of states, capitals of the world, cities, foreign physical and geographical names. The scientific and practical significance of the work lies in considering the phonetic and spelling norms of the Kazakh language, in the unification of the spelling of foreign language toponyms for further research in this field. This approach would facilitate the compilation of cartographic products, the publication of toponymic dictionaries, reference books, textbooks, and, in general, the use of exonyms in the global information and communication space. The research was carried out on the basis of the analysis of key spelling principles of homogeneous and heterogeneous languages. As a result of the analysis, recommendations for transliteration of toponyms were developed, hypotheses and conclusions were proposed. The research contributes to the development of the main provisions and principles of drawing up “the rules for the transfer of foreign-language geographical names into the Kazakh language based on the Latin script”. The proposed hypotheses and conclusions in the paper contribute to the development of optimal ways of solving problems related to transliteration, translation of foreign language toponyms, streamlining of onomastic activity in the Republic of Kazakhstan, and will expand the theoretical and regulatory framework of Kazakh onomastics.

Keywords: the new alphabet of the Kazakh language, Latin script, transliteration, toponym, exonym, foreign-language geographical names.

References

- 1 Reformatskii, A.A. (1996). Vvedenie v yazykovedenie [Introduction to linguistics]. V.A. Vinogradov (Ed.). Moscow: Aspekt-Press [in Russian].

- 2 Ualiuly, N., Kuderinova, Q. & Fazylzhanova, A. (2007). Qazaq zhazuyn latyn grafikasy negizindegi zhana alipbigе koshiru zhaynda [About the transfer of the Kazakh script to the new alphabet based on Latin script]. *Latyn grafikasy negizindegi qazaq alipbii: tarikhy, tagylymy zhane bolashagy — Kazakh alphabet based on Latin graphics: history, lessons and prospects.* — Almaty: Arys [in Kazakh].
- 3 Podolskaya, N.V. (1978). Slovar russkoi onomasticheskoi terminologii [Dictionary of Russian onomastic terminology]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 4 Turik tilindegi internet-saittar [Turkish Internet resources]. Retrieved from <https://www.dunyaatlası.com/haritalar/>; <https://alonot.com/dunya-sular-cografyasi-haritalari>; <https://www.ilimvedeniyet.com/dunya-haritasi-ulkeler.html>] [in Turkish].
- 5 Reformatskii, A.A. (1965). Orfografiia sobstvennykh imen [Spelling of proper names]. Moscow: Nauka [in Russian].

Букеетов университеті